



БҰЙРЫҚ

26.05.2025

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 124/1-н

город Алматы

**ҚР ДСМ «Отан соғысының ардагерлеріне  
арналған республикалық клиникалық госпиталь»  
ШЖҚ РМК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдау жүргізу туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410-V Заңына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 30.12.2022 жылғы № 488 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы Б.Б. Алишпанов 02.06.2025 жылдан 30.06.2025 жылға дейін 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне келесі құрылымдық бөлімшелерде ішкі талдау жүргізсін:
  - құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу жөніндегі бөлімі;
  - персоналмен жұмыс жөніндегі бөлімі;
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Директор



Г.Т.Джумасеитова

|            |                                                                                    |
|------------|------------------------------------------------------------------------------------|
| Енгізді:   | Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы Б.Б.Алишпанов |
| Келісілді: | Директордың клиникалық қызмет жөніндегі орынбасары Н.Т.Альменов                    |

Бұйрықпен танысты:

*Алишпанов Б.Б.*